



БЕКІТЕМІН

Қабылдау комиссиясының төрағасы,
Басқарма төрағасы-Ректор

С.Н.Идрисов

«14» 06 2024 ж.


«6B02202-Дінтану» білім бағдарламасы бойынша шығармашылық
емтихандар
БАҒДАРЛАМАСЫ

Дайындағандар:

Философия ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор


_____ Ө.Қ. Бекежан

Атырау облысы Дін істері
басқармасының бөлім басшысы


_____ М.Ш. Изғалиев

Журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасының аға оқытушысы,
философия ғылымдарының кандидаты


_____ А.А. Кенжебаев


Қабылдау шығармашылық емтихандарынның бағдарламасы
Журналистика және қоғаммен байланыс
кафедрасы отырысында талқыланды
2024 жылғы "12" сәуірдегі № 9 хаттама

Кафедра меңгерушісі


_____ Ө.Қ. Бекежан

Гуманитарлық ғылымдар және өнер
факультетінің деканы, PhD


_____ Д.Ұ. Хамидуллина



МАЗМҰНЫ:

1. Жалпы ережелер	4
2. Шығармашылық емтиханның тәртібі.	4
3 I кезең – мамандыққа бейімділікті анықтау	5
4. II кезең– ауызша шығармашылық емтихан	6
5. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге арналған әңгімелесудің бағдарламасы	8

1. Жалпы ережелер

Осы ереже ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгі ережелерін, сондай-ақ басқа да нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Шығармашылық емтиханды өткізу оқуға түсушілердің қабілеттерін және «6B02202-Дінтану» білім бағдарламаларын меңгерудің жеке алғышарттарын анықтауға бағытталған.

Шығармашылық емтихан екі кезектен тұрады. Бірінші шығармашылық емтихан талапкердің таңдаған мамандығына бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу.

Екінші шығармашылық емтихан: Дін негіздері бойынша ауызша емтихан. Мамандыққа бейімділігін анықтау үшін әңгімелесу 6-7 минуттық сұхбаттасу формасында өтеді.

Екінші шығармашылық емтихан екі сұрақтан тұратын билет бойынша ауызша өтеді. Сұрақтар Дінтану негіздері пәні бойынша сұрақтардан құралған. Талапкер жалпы дін тарихы, дінтанымдық сұрақтар, мәдениет, дәстүр мен дін байланысы мәселесін қамтиды. Шығармашылық емтихан бір рет қана қабылданады.

«6B02202-Дінтану» білім бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихан өткізудің мақсаты:

Талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғы шарттарының болуын тексеру болып табылады.

Шығармашылық емтихан өткізудің міндеттері:

1. шығармашылық емтихан тапсыратын талапкерлердің шығармашылық еркіндігін қорғау;
2. түсу шығармашылық емтихандары комиссиясы мүшелерінің кәсіби құзыреттерін және бағалауды таңдау құқығын қорғау;
3. шығармашылық емтихандарды өткізудің объективтілігін қамтамасыз ету.

2. Шығармашылық емтихан өткізу тәртібі

Шығармашылық емтихан тапсыру үшін түсушілердің өтініштерін қабылдау олардың таңдаған жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша 20 маусымнан 10 тамызға дейін жүзеге асырылады (грантқа 7.07-не дейін, ақылы негізде-10.08 -не дейін).

Шығармашылық емтихан 7 шілдеден 15 тамызға дейін екі кезеңде өткізіледі. 8-13 шілде аралығында өткізіледі. Грантқа 07-15.07 аралығында, ақылы негізде-15.08-не дейін.

Шығармашылық емтихандарды өткізу үшін пәндік және апелляциялық комиссия құрылып, оны Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Қабылдау комиссиясы төрағасы бекітеді.

Пәндік комиссия мүшелері тақ саннан тұрады. Комиссия кафедра оқытушыларынан және қоғамдық ұйым, жұмыс беруші тараптан болады. Егер отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, комиссияның шешімі заңды деп саналады. Комиссия мүшелерінің көпшілігі қолдауымен комиссия төрағасы сайланады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылардың көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Пәндік комиссиялардың құрамына апелляциялық комиссия мүшесі кірмейді.

Шығармашылық емтиханның кестесін, өткізу күнін, уақыты мен орнын, кеңесті қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына құжаттарды қабылдау басталғанға дейін кешіктірілмей жеткізіледі.

Шығармашылық емтихан тапсыратын аудиторияға кіргізу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады. Шығармашылық емтихан басталғанға дейін талапкерлерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеуге қойылатын тәртіп түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

Талапкер дәлелсіз себептермен емтиханға кешіккен жағдайда, талапкер емтиханға жіберілмейді. Егер талапкер емтиханға дәлелді себеппен кешіксе, онда ол емтиханға жіберіледі және жазылған эссе басқа талапкерлермен бір уақытта тапсырады.

Талапкер шығармашылық емтиханды ЖОО-на қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес қабылдау комиссиясына құжаттарды тапсырғаннан кейін белгіленген күні тапсырады.

3. I кезең – әңгімелесу, мамандыққа бейімділікті анықтау:

Әңгімелесу комиссия құрамы қатысуымен арнайы бөлінген аудиторияда өтеді. Сұхбаттасу барысында талапкерге оның таңдаған мамандығына бейімділігін, түсінігін анықтауға арналған сұрақтар қойылады. Дін туралы жалпы түсінік, дінтану мамандығын таңдаған себебіңіз, дін туралы мағлұматтарды қайдан аласыз, діни сенім жайлы түсінік, зайырлы қоғам деген не? Дін мен ғылым туралы көзқарасыңыз, қоғам мен адам үшін діннің қажеттігі, дінтанушы ретінде қандай қызмет атқаруды ойлайсыз, теріс ағымдарды қалай түсінесіз, дінтану кәсіби қызмет ретінде несімен қызықтырады, қазіргі қоғамда дінге байланысты қандай проблемалар бар деген сияқты сұрақтар шеңберінде әңгіме өтеді. Кәсіби қабілетін анықтау үшін әңгімелесу әр талапкермен еркін диалог түрінде жеке жүргізіледі. Бұл кезеңнің негізгі міндеті-талапкердің әлеуметтік-танымдық, қоғамдық-

гуманитарлық деңгейде ойлау мүмкіндіктері, оның кәсіби бағдар деңгейі, мәдениеті туралы түсініктерді айқындау. Мынандай бейімдік қасиеттер ескеріледі:

- мамандық таңдаудың мотивациясы мен саналы болуы;
- талдау жасай білу, логикалық ой қорытындысын жасау машығы;
- әлеуметтік бағдарлану;
- дінтану саласындағы бағдарлану деңгейі;
- жалпы мәдени даму деңгейі, ой өрісі;
- талапкерлердің мүдделері шеңбері;
- болашақ мамандыққа қажетті қабілет- қасиеттер.

Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады. Талапкерлердің бағалары қойылғаннан және олармен танысқаннан кейін, алған балдармен келіспеген жағдайда, талапкер апелляцияға жазбаша өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған адамның өзі береді. Өтініштер арнайы немесе шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-ке дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды. Апелляциялық комиссия талапкердің өтінішін ЖОО-да белгіленген рәсімге сәйкес қарайды. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және Комиссияның барлық қатысушы мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Бағалау критерийлері:

«Өте жақсы» -50-40 балл беріледі: комиссия мүшелерінің барлық сұрақтарына толық, егжей-тегжейлі, түпнұсқа және дәлелді жауап берушіге;

«Жақсы» - 39-20 ұпай, үміткер сұрақтардың көпшілігіне жауап берсе, бірақ интеллектуалдық қабілеті болмаса, жақсы білімін мен діннің мәнін түсінуін көрсете алса;

«Қанағаттанарлық» -19-5 балл, егер талапкер сұрақтарға жеткіліксіз жауап берсе болмаса жауап беруден жалтарса, немесе дінді үстірт (бұрмаланған) түсінетін болса, діни саланың даму тенденцияларын бағалай алмаса;

«Қанағаттанарлықсыз» - 4-0 балл, егер ол комиссия мүшелерінің сұрақтарының көпшілігіне жауап бермесе және таңдаған мамандығын өте нашар түсінсе;

4. II кезең – ауызша шығармашылық емтихан

Ауызша шығармашылық емтихан билет сұрақтары негізінде жүзеге асады. Емтиханға арналған бағдарлық сұрақтар тізбегі:

1. Ежелгі Месопотамия және Мысыр діні.
2. Ежелгі Грек, Рим діндері.
3. Ежелгі түріктердің діні. Бақсылық.
4. Ежелгі Қытайдың діни сенімдері. Конфуциандық, дао ілімі.
5. Будда діні
6. Иудейлік діні.

7. Христиан діні.
8. Христиандықтың таралуы, негізгі бағыттары және қазіргі жағдайы
9. Ислам дінінің сенім ерекшелігі мен шығуы
10. Құран және ислам ілімі
11. Әлемдік діндерге ортақ құндылықтар
12. Ислам өркениетінің адамзат тарихындағы орны
13. Діни экстремизм мен терроризм туралы түсінік
14. Исламның қазақ жеріне таралуы
15. Дәстүрлі діни таным және оның исламмен арақатынасы
16. Сопылық дүниетанымның негізгі ұстанымдары
17. Исламның ғылым, білім, мәдениетке әсері
18. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы исламның рөлі
19. Қазақстан мұсылман діни басқармасының қызметі
20. Қазақстандағы христиан діні, оның бағыттары
21. Діни ұйымдар мен діни бірлестіктер түсінігі
22. Фетишизм деген не?
23. Радикалдық діни ағымдардың сипаттары
24. Қазақ жеріндегі киелі орындар
25. Қазақ мұсылмандық түсінігінің негізін қалаушылар
26. Қайырымды және ізгі қоғам орнатуды көкसेген ұлы ойшылдар
27. Қожа Ахмет Ясауидің діни ілімі
28. Ұлттық және әлемдік діндер және олардың түрлері
29. Шәкәрімнің діни мұрасы
30. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы
31. Қазақстандағы дінаралық келісім саясаты
32. Діндердегі миссионерлік қызметті қалай түсінесіз?
33. Дін және ғылым қатынасы
34. Діннің мәні, анықтамасы, әлеуметтік маңызы
35. Анимизм деген не
36. Тотемизм туралы түсінік.
37. Абайдың діни көзқарасы
38. Мұхаммед пайғамбар және ислам діні
39. Діни фундаментализмнің ерекшелігі
40. Қазақстандағы діни ағымдар
41. Толеранттық деген не?
42. Діни сенім бостандығы деген не?
43. Протестантизмге сипаттама беріңіз
44. Миф деген не?
45. Қазақстандағы дінаралық сұхбат
46. Қазақ мәдениетіндегі тәңіршілдіктің орны
47. Буддизмнің «төрт ақиқаты»
48. Атеизм ұстанымы мен дүниетанымы
49. Ислам дініндегі негізгі мерекелер
50. Политеизм және оның түрлері
51. Зайырлық ұғымы, оның қағидалары
52. Магия және оның түрлері
53. Ежелгі үндістандағы діндер
54. Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съездері
55. Мұсылманның бес парызы
56. Монотеизм деген не?
57. Христиан дініндегі мейрамдар
58. Діннің қызметі

59.Ханафи мазхабының ерекшелігі

60.Ислам дінінің бағыттары. Сунизм және шиизм.

Бағалау өлшемдері:

«Өте жақсы» - 50-40 балл, талапкер емтиханның барлық сұрақтарына, сондай-ақ комиссия мүшелерінің сұрақтарына толық, тиянақты, дәлелді жауап бергені үшін;

«Жақсы» - 39-20 балл, егер талапкер сұрақтардың көпшілігіне жауап берсе және емтихан сұрақтарының мәнін жақсы білетінін және түсінетінін көрсеткен жағдайда;

«Қанағаттанарлық» -19-5 балл, егер талапкер сұрақтарға жеткілікті толық жауап бермесе немесе жауап беруден жалтарса немесе үстірт жауап берсе;

«Қанағаттанарлықсыз» - 4-0 балл, егер емтихан тапсырушы сұрақтардың көпшілігіне жауап бермесе және пәнді өте нашар түсінсе.

5. Ерекше білім беруді қажет ететін талапкерлерге арналған әңгімелесудің бағдарламасы

Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндігі шектеулі талапкер үшін әңгімелесу психофизикалық даму ерекшеліктерін, жеке мүмкіндіктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып психолог, дефектолог мамандардың қатысуымен жүргізіледі. Жеке ерекшеліктері бар талапкермен әңгімелесу кезінде төмендегідей талаптар қамтамасыз етіледі:

- денсаулық мүмкіндіктері шектеулі емес талапкерлермен бірлесіп;

- жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық көмек көрсететін ассистенттің қатысуымен (жұмыс орнына отыру, қозғалуы, тапсырманы оқу және рәсімдеу, комиссия мүшелерімен қарым-қатынас жасау);

- талапкердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қажетті техникалық құралдарды пайдалана отырып;

- аудиторияда, әжетханада және басқа да орындарда мүмкіндігі шектеулі талапкермен кедергісіз қолжетімділік мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ оның көрсетілген орындарда болуы (пандустардың, тұтқалардың, кеңейтілген ойықты есіктерінің, жеделсатыларының болуы/аудиторияның бірінші қабатта орналасуы, арнайы креслолар мен басқа да құрылғылардың болуы)

Денсаулық мүмкіндігі шектеулі оқуға түсушінің жазбаша өтініші бойынша әңгімелесу ұзақтығы оны тапсырудың белгіленген ұзақтығына қатысты ұзартылуы немесе қысқартылуы мүмкін.

ДМШ оқуға түсушінің жеке ерекшеліктеріне байланысты Университет қабылдау өткізу кезінде келесі талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1. Зағиптар үшін:

- әңгімелесуге арналған тапсырмалар мен өзге де материалдар бедерлі-нүктелі Брайль шрифтімен немесе зағиптарға арналған мамандандырылған

бағдарламалық қамтамасыз етуі бар компьютердің көмегімен қолжетімді электрондық құжат түрінде ресімделеді не ассистент оқиды;

- жазбаша тапсырмаларды қағазда Брайль бедерлі-нүктелі кәріппен немесе зағиптарға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету бар компьютерде орындайды немесе ассистентке нұсқау береді.

2. Нашар көретіндер үшін:

- тапсырмалар мен өзге де материалдар үлкейтілген кәріппен ресімделеді;

- қажет болған жағдайда үлкейту құрылғысы беріледі немесе өз құрылғысын пайдалануға рұқсат етіледі.

3. Естімейтіндер және нашар еститіндер үшін, сөйлеу қабілеті нашар:

- ұжымдық пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратураның болуы қамтамасыз етіледі, қажет болған жағдайда жеке пайдаланудағы дыбысты күшейтетін аппаратура беріледі.

4. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін (жоғары аяқ-қолдардың қозғалыс функциялары ауыр бұзылған немесе жоғарғы аяқ-қолдардың болмауы):

- жазбаша тапсырмаларды мамандандырылған бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерде орындайды немесе ассистентке айтады.

Денсаулығы мүмкіндігі шектеулі талапкермен әңгімелесу өткізу басталғанға дейін өзінің жеке ерекшеліктерін көрсете отырып, әңгімелесу өткізу кезінде оған арнайы жағдайлар жасау қажеттілігі туралы қабылдау комиссиясына өтініш береді. Өтінішке оқуға түсушінің жеке ерекшеліктерінің бар екенін растайтын құжаттары қоса беріледі. Өтініште әңгімелесу кезінде ассистент бөлу қажеттілігін/қажеттілігі жоқтығын көрсетеді.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ержан Қ, Махмет М., Салыстырмалы діндер тарихы. Алматы: 2017.

2. Байтенова Н.Ж. және т.б. Дінтану: энциклопедиялық сөздік. Қазақ университеті баспасы. Алматы, 2018. – 2 том.

3. Бұлан Ж. Ежелгі және қазіргі заманғы діндер тарихы. – Алматы: «НұрМұбарак» баспасы, 576 б.

4. Асан Т., Балапанова А.С., Козырев Т.А. Қазақстанның дін жөніндегі мемлекеттік саясаты. Алматы: «Қазақ университеті», 2013

5. Байтенова, Н. Ж., Бейсенов Б. Қ., Абжалов С. В. Исламдағы секталар мен бағыттар. Оқу-әдістемелік құралы. Әл-Фараби атын. Қазақ ұлттық ун-ті - Алматы: Қазақ университеті, 2013 . — 110 б.

6. Б.Қ. Бейсенов., А.Р. Игисенова. Христиандық тарихы. (Оқу құралы). Алматы: Қазақ университеті, 2016. 171 б.

7. Армстронг К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны / ауд. Д.Кенжетай, К.Қаратышқанова, А.Тасболат // — Алматы, 2018